

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абайдың өлендері мен кара сөздерінде қазақ халқының ұлттық болмысы, бітімі, тұрмыс-тіршілігі, қазаки мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс табады. Абай Құнанбайұлы - ғұлама, ойшыл ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор.

Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жаңғыру – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамыту және жаңа құндылықтарға жол ашу.

Ғұлама Абай осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейімделуге шақырған.

«Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тын қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі» - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бекер айтпаған болса керек.

Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге. Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге. Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге. Қызмет қылма оязға, Жанбай жатып сөнуге. Қалай сабыр қыласың. Жазықсыз күнде сөуге? Өнерсіздің қылығы 2 Тура сөзін айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге. Аз ақшаға жалданып, Өңбес іске алданып, Жол таба алмай жүруге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ең алдымен, білім беру саласын заманға.

ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛЫ АБАЙ



сай дамытуымыз керек. Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші кара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Рауан Кенжеханұлы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған іс-шаралар аясында берілген тапсырма бойынша ақын шығармаларының он тілге аударылғаны жөнінде есеп берді.

Жақында Қазақстан Республикасының

Индонезиядағы Елшілігі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірге ұлы Абай «Қара сөздерінің» индонезия тіліне аударылған нұсқасының онлайн-тұсаукесерін өткізді. Біз бұл жаналықты мақтаншыпен және жылулықпен қабылдадық.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын бітірген, фитология саласының маманы, қоғам қайраткері, профессор, «Алаш» партиясының атақты мүшесі болып, ғылымды да білімді де қоса меңгеріп үлесін қосқан кеменгер ақын. Мұхтар Әуезовты халық әдеби классик, сөз өнерінің шебері, абайтанудың негізін салушы, түркі халқының тарихымен мәдениетінің

фольклор мен эпос зерттеушісі.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың басты кейіпкері - Абай Құнанбаев ұлы гуманист, ойшыл, әдебиет пен казакка тән әдеби тілдің негізін салушы. Ұзақ жылдарға созылған терең шығармашылық ізденістердің, қажыр қайратының нәтижесінде күллі әлемге ұлы Абайды танытып қана қойған жоқ, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзін де тереңірек түсініп таныды.

Шымкент қаласының төрінде ұлы жазушының есімін иемденген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті нағыз ұлы тұлғаларды дайындап шығарған киелі кара шаңырақ. Университетіміздің әскери кафедрасында көп жылдық тарихы бар, өз студенттерін ұлттық дәстүрлерге әскери патриоттық рухта тәрбиелеу міндеттерінің бірі болып табылады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедра оқытушы құрамымен студенттері Шымкент қаласы Абай мұражайында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерей тойына орай, «Абай жолы» романының әлемдегі орны туралы іс-шара өткізілді. Әскери кафедра студенттері ақынның өмір тұрмысымен ұлы Абай өмір сүрген тарихи уақытпен үлкен қызығушылықпен танысты.

С.КУЛЬМАНОВ

М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасының оқытушысы запастағы подполковник